

1. **Оқиға** дегеніміз қандай да бір тәжірибенің нәтижесі.
2. Тәжірибе нәтижесінде орындалатын немесе орындалмайтын оқиға **кездейсоқ оқиға** деп аталады.
3. Кездейсоқ оқиға латынның бас әріптерімен $A, B, C, \dots$ белгіленеді.
4. Тәжірибе нәтижесінде міндетті түрде орындалатын оқиға **ақиқат оқиға** деп аталады.
5. Тәжірибе нәтижесінде орындалмайтын оқиға **мүмкін емес оқиға** деп аталады.
6. Егер A және B оқиғалары бір бірінің дербес түрі болса, онда оқиғалар **тең оқиғалар** деп аталады: $A=B$
7. A оқиғасына **қарама-қарсы оқиға** деп A оқиғасы орындалмағанда орындалатын оқиғаны айтады.
8. Бір сынақ нәтижесінде қатар орындалуы мүмкін емес екі кездейсоқ оқиғаны **өзара үйлесімсіз оқиғалар** деп атаймыз.
9. Сынақтың қандай да бір нәтижесінде қатар орындалуы мүмкін оқиғаларды **үйлесімді оқиғалар** деп атайды.